«8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Кожахметова Актоты Кожахметқызының «Поэтикалық мәтіннің лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі» атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі тіл білімінде тілдік құбылыстарды тек құрылымдық немесе коммуникативтік жүйе ретінде ғана емес, үнемі қозғалыста болатын, ішкі және сыртқы ықпалдар арқылы жаңарып, өзін-өзі ұйымдастырып отыратын күрделі ашық жүйе ретінде қарастыру үрдісі күшейіп келеді. Бұл бағыт XX ғасырда жаратылыстану ғылымдарында қалыптасқан синергетикалық парадигманың гуманитарлық ғылымдар кеңістігіне енуімен тығыз байланысты. Синергетика күрделі жүйелердің даму, өзгеру, өзін-өзі реттеу, жаңа сапаға көшу заңдылықтарын зерделесе, лингвосинергетика осы ұстанымдарды тіл, мәтін, дискурс, мағына түзу үдерістерімен сабақтастыра қарастырады.

Қазақ тіл білімінде көркем мәтін тілі, поэтикалық сөз табиғаты, бейнелі құралдардың қызметі, авторлық қолтаңба, тілдік тұлға, сөз қуаты мен сөз құдіреті мәселелері лингвостилистикалық, когнитивтік, мәтінтанымдық және антропоөзектік бағыттар аясында қарастырылып келеді. Алайда поэтикалық мәтінді өзін-өзі ұйымдастыратын ашық динамикалық жүйе ретінде танып, оның ішкі мағыналық қозғалысын лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі арқылы арнайы сипаттау қазақ тіл білімінде әлі де кешенді зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлердің табиғатын, түрлерін, мәтін түзудегі және мағына қалыптастырудағы қызметін айқындау зерттеудің теориялық әрі әдіснамалық өзектілігін күшейтеді.

Зерттеу тақырыбының маңыздылығы қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигмамен де тікелей байланысты. Антропоөзектік бағыт тілді адам санасы, танымы, мәдениеті, рухани тәжірибесі және шығармашылық қабілетімен бірге қарастырады. Бұл ретте ақынның поэтикалық мәтіні оның тілдік тұлғасын, дүниені қабылдау ерекшелігін, ұлттық және жеке танымын, эстетикалық ұстанымын танытатын көркем кеңістік ретінде бағаланады. Әрбір ақын сөзді өзінше ұйымдастырып, тілдік бірліктерге жаңа мағыналық реңк үстейді, дәстүрлі образдарды жаңғыртады, авторлық қолданыстар арқылы поэтикалық әлем қалыптастырады. Академик Рәбиға Сыздықтың тіл көркем мәтінде «өзін емес, өзінің мүмкіншілігін» танытады деген ғылыми пайымы осы мәселенің мәнін тереңдете түседі.

Осы бағытта М. Жұмабаев мен М.Мақатаев поэзиясын лингвосинергетикалық тұрғыдан зерттеудің маңызы ерекше. М.Жұмабаев поэзиясында символдық тереңдік, ұлттық рух, романтикалық таным, мифопоэтикалық сана мен түркілік дүниетаным қабаттары айқын көрінсе, М. Мақатаев поэзиясында адам жанының сыршылдығы, табиғат пен адам

тұтастығы, ұлттық болмыс, лирикалық «меннің» ішкі драматизмі және қарапайым сөздік көркемдік қуатқа айналу мүмкіндігі басым танылады. Бұл екі ақынның поэтикалық жүйесін лингвосинергетикалық тұрғыдан қарастыру қазақ поэтикалық тілінің мағына тудыру, мәтіндік ұйымдасу, авторлық стиль және көркем әсер қалыптастыру тетіктерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны: Поэтикалық мәтіндегі көркемдік-тілдік маркерлердің лингвосинергетикалық жүйесі.

Зерттеу пәні: Ашық, күрделі, динамикалық, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде поэтикалық мәтіндердегі лингвосинергетикалық үдерістер.

Зерттеудің мақсаты: М. Жұмабаев пен М. Мақатаева өлеңдері арқылы қазақ сөзінің поэтикалық мәтіндегі коммуникативтік үрдерісін лингвосинергетикалық маркерлер арқылы анықтап, поэтикалық мәтінді ашық, күрделі, динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде сипаттау.

Аталған мақсатына қол жеткізу барысында төмендегідей **міндеттер** жүзеге асырылды:

– қазіргі тіл біліміндегі жаңа ғылыми парадигма ретінде лингвосинергетиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы поэтикалық мәтіннің тілдің жасампаздың қабілетін, мағына тудыру әлеуетін және өзін-өзі ұйымдастыратын ашық жүйе ретіндегі табиғатын танудың ғылыми мүмкіндіктерін сипаттау;

– антропоөзектік бағыттағы тілтанымдық зерттеулер аясында лингвосинергетикалық парадигманың қалыптасу алғышарттарын негіздей отырып, ғаламның тілдік бейнесі, тілдік тұлға, көркем таным, поэтикалық сана ұғымдарымен сабақтастығын айқындау;

– лингвосинергетиканың негізгі категориялары – аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация, фрактал ұғымдарының поэтикалық мәтінді талдаудағы мазмұны мен қызметін ашу және олардың мәтіндегі мағыналық қозғалыс пен жаңа семантикалық құрылым түзу үдерісіндегі рөлін анықтау;

– поэтикалық дискурсты ашық, бейсызық, динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыратын көркем-тілдік жүйе ретінде сипаттай отырып, өлеңсөздің ішкі мағыналық байланысын, мәтіндік тұтастығын және өзін-өзін ұйымдастыру тетіктерін көрсету;

– поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесін анықтап, олардың құрылымдық-семантикалық, бейнелік-ассоциативтік және коммуникативтік қызметін жүйелеу арқылы синергетикалық әлеуетін талдау;

– М. Жұмабаев пен М. Мақатаевтың поэтикалық мәтіндеріндегі лингвосинергетикалық маркерлері нақты тілдік деректер негізінде талдай отырып, аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация және фракталдар арқылы ақындар поэзиясындағы мағыналық динамиканы, авторлық поэтикалық кеңістікті және сөзінің коммуникативтік қуатын айқындау.

Зерттеуде қолданылған әдістер: Тақырыптың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау мақсатында талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру және сипаттау әдістері қолданылды. Сонымен қатар зерттеу барысында лингвостилистикалық талдау, дискурстық талдау, герменевтикалық,

семантикалық, салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің дереккөздері мен материалдары: Зерттеудің дереккөздері ретінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері Мұқағали Мақатаев пен Мағжан Жұмабаевтың поэтикалық мәтіндері алынды. Зерттеу материалдарын ақындардың поэзиясынан іріктелген лингвосинергетикалық маркерлер – метафоралар, символдар, қайталаулар, этномәдени атаулар, синтагмалық байланыстар, дискурсивтік бірліктер, тірек сөздер мен авторлық қолданыстар құрайды. Аталған тілдік деректер поэтикалық мәтіндегі аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация, фрактал сияқты синергетикалық үдерістерді анықтау және олардың мәтін түзуші, мағына ұйымдастыруы, коммуникативтік-эстетикалық қызметін сипаттау мақсатында талданды. Зерттеу материалы қазақ поэтикалық мәтінінің ашық, динамикалық, өзін-өзі ұйымдастыратын көркем-тілдік жүйе ретіндегі табиғатын айқындауға бағытталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– қазақ тіл білімінде поэтикалық мәтін алғаш рет лингвосинергетикалық парадигма аясында ашық, бейсызық, динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыратын көркем-тілдік жүйе ретінде кешенді түрде алғаш рет сипатталды;

– поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесінің теориялық моделі ұсынылып, олардың мағына түзу, мәтіндік тұтастық қалыптастыру және көркемдік-эстетикалық әсер тудыру қызметі ғылыми тұрғыдан айқындалды;

– лингвосинергетиканың аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация және фрактал тәрізді категориялары қазақ поэтикалық мәтінін талдаудың нақты әдіснамалық құралдары ретінде жүйеленді;

– М. Жұмабаев пен М. Мақатаев поэзиясындағы авторлық поэтикалық кеңістіктің синергетикалық сипаты алғаш рет мағыналық аттракторлар, флуктуациялық ауытқулар, бифуркациялық шешім нүктелері және диссипативтік үдерістер арқылы талданды;

– қазақ поэтикалық мәтінін лингвосинергетикалық тұрғыдан талдаудың ғылыми-әдістемелік жүйесі негізделіп, оны лингвостилистика, лингвопоэтика, мәтінтану, дискурс талдауы және қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар аясында қолданудың теориялық мүмкіндіктері көрсетілді;

– поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлерді анықтаудың сандық-сапалық талдау үлгісі ұсынылып, жиілік көрсеткіштері негізінде көркем сөздік синергетикалық әлеуетін сипаттаудың жаңа әдістемелік мүмкіндіктері негізделді.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы: Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ тіл біліміндегі лингвосинергетика, лингвостилистика, лингвопоэтика, мәтін лингвистикасы, дискурс теориясы және антропоөзектік бағыттардың теориялық негіздерін нығайтады. Поэтикалық мәтіндегі аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация, фрактал сияқты синергетикалық категориялардың қызметін анықтау көркем

мәтіндегі мағына қозғалысын, семантикалық тұрақтылық пен өзгермелілікті, авторлық поэтикалық кеңістіктің ұйымдасуын жаңа ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында «Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар», «Лингвопоэтика», «Лингвосинергетика», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Мәтін лингвистикасы», «Дискурстық талдау» сияқты пәндер мен арнайы курстарды оқытуда пайдалануға болады және М. Жұмабаев пен М. Мақатаев поэзиясын талдауға арналған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде, поэтикалық мәтіннің лингвосинергетикалық маркерлерін анықтау тәжірибесінде, жиілік сөздік пен поэтикалық ішкорпус жасау жұмыстарында, көркем мәтінді сандық-сапалық тұрғыдан талдау бағытындағы зерттеулерде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Лингвосинергетика қазіргі тіл біліміндегі пәнаралық интеграциядан туындаған жаңа ғылыми парадигма ретінде тілдік құбылыстарды статикалық құрылым аясында емес, ашық, бейсызық, динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан тіл, мәтін және дискурс ішкі мағыналық қозғалысы, тұрақтылық пен өзгермелілік қатынасы, семантикалық ауытқуы және жаңа сапалық құрылым түзу қабілеті арқылы сипатталатын күрделі жүйе ретінде танылады. Сондықтан лингвосинергетикалық ұстаным – поэтикалық мәтіннің жасампаздық табиғатын, сөздің мағына тудыру қуатын және көркем мәтіндегі ішкі ұйымдасу заңдылықтарын түсіндірудің тиімді әдіснамалық негізі.

2. Поэтикалық мәтін – өзін-өзі ұйымдастыратын, мағынасы үнемі қозғалыста болатын, көпқабатты көркем-тілдік жүйе. Ондағы сөз, образ, символ, қайталау, метафора, этномәдени атау, интонациялық-ырғақтық құрылым және авторлық қолданыс жеке тілдік бірлік деңгейінде ғана қызмет етпей, өзара ықпалдаса отырып, тұтас поэтикалық кеңістіктің мағыналық жүйесін қалыптастырады. Осыған байланысты поэтикалық мәтіннің синергетикалық табиғаты оның ашықтығынан, бейсызық дамуынан, мәтінішілік мағыналық байланыстардың көпбағыттылығынан және оқырман қабылдауында жаңа интерпретациялық өріс тудыруынан көрінеді.

3. Поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі – көркем мәтіннің ішкі семантикалық динамикасын, мәтіндік тұтастығын және авторлық поэтикалық әлемін ұйымдастыратын негізгі тілдік тетіктердің бірі. Бұл маркерлер поэтикалық мәтіндегі жаңа мағыналық құрылымның қалыптасуына, сөздің коммуникативтік-эстетикалық әлеуетінің күшеюіне, бейнелік-ассоциативтік өрістің кеңеюіне және ұлттық дүниетанымның көркем мәтін кеңістігінде жаңаша өзектелуіне ықпал етеді. Сондықтан лингвосинергетикалық маркерлерді анықтау поэтикалық мәтінді дәстүрлі стилистикалық сипаттаудан тереңірек, оның ішкі мағына түзу механизмдерімен бірлікте талдауға жол ашады.

4. Аттрактор, флуктуация, бифуркация, диссипация және фрактал категориялары поэтикалық мәтіндегі мағыналық қозғалысты сипаттайтын негізгі лингвосинергетикалық өлшемдер ретінде қызмет етеді. Аттрактор

мәтіндегі мағыналық өзекті шоғырландырып, поэтикалық жүйенің даму бағытын айқындаса, флуктуация семантикалық ауытқу мен эмоционалдық тербелісті көрсетеді; бифуркация мәтіндегі мағынаның жаңа сапалық деңгейге өту нүктесін танытады; диссипация мағыналық энергияның таралуы мен қайта ұйымдасуын сипаттайды; фрактал поэтикалық құрылымдағы қайталанушы бейнелік-ассоциативтік модельдердің тұтастық түзудегі қызметін айқындайды. Аталған категориялар поэтикалық мәтіннің ішкі табиғатын ашудың әмбебап құралдары ретінде қарастырылады.

5. М. Жұмабаев пен М. Мақатаев поэзиясындағы лингвосинергетикалық маркерлер ақындық тілдің авторлық қолтаңбасын, ұлттық танымға негізделген поэтикалық әлемін және қазақ сөзінің коммуникативтік қуатын айқындайды. М. Мақатаев поэзиясында *өмір, жүрек, тіл, қара өлең, табиғат, туған жер, ұлттық болмыс* сияқты мағыналық өзектер поэтикалық аттрактор қызметін атқарып, мәтіндегі бейнелік құрылымдарды өзіне шоғырландырады. М. Жұмабаев поэзиясында *рух, от, күн, түн, жан, махаббат, түркілік сана, еркіндік* сияқты символдық-метафоралық өрістер поэтикалық кеңістіктің синергетикалық сипатын танытады. Екі ақын поэзиясындағы бейнелі қолданыстар, қайталаулар, этномаркерлер мен метафоралық құрылымдар поэтикалық мәтінді ішкі мағыналық энергиясы бар тұтас жүйе ретінде тануға негіз болады.

6. Поэтикалық мәтіндегі лингвосинергетикалық маркерлер – авторлық таным мен ұлттық-мәдени мазмұнның мәтін ішінде өзара ықпалдасып, жаңа семантикалық сапаға көшуін қамтамасыз ететін жүйеқұраушы тетік. Поэтикалық мәтінде жеке тілдік бірліктердің мағынасы дайын күйінде берілмейді, керісінше, олардың бейнелік, ассоциативтік, символдық, экспрессивтік және этномәдени қабаттарының өзара әрекеті нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан лингвосинергетикалық маркерлер жүйесі өлеңсөздегі мағынаның тұрақты өзекке шоғырлануын, одан ауытқуын, қайта құрылуын және жаңа көркемдік тұтастыққа айналуын түсіндіретін негізгі семантикалық тетік ретінде танылады.

Зерттеу жұмысының мақұлданымы. Диссертация бойынша алынған нәтижелер мен қорытындылар 9 мақала түрінде төмендегі басылымдарда жарық көрді. Оның ішінде 2 мақала Scopus деректер базасына енетін журналдарда; 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда; 4 мақала халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында жарияланды:

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, негізгі үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады.